

А.Е. Жатқанбаева<sup>1</sup> , Қ.М. Қожабек<sup>1</sup> , А.К. Жангабулова<sup>1\*</sup> ,  
А.А. Тасбулатова<sup>1</sup> , К.Н. Айдарханова<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Нархоз университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: Arailym.Dzhangabulova@kaznu.edu.kz

## ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫН АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жоғары оқу орындарына оқуға келген талапкерлер қай ұлтқа, діни конфессияға, мемлекеттің азаматтығына жататындығынан бөлек, әртүрлі субмәдениеттерге, мәдени топтарға, қалалық және ауылдық мәдениеттерге, аймақтық және отбасылық мәдениеттерге жататындығы жасырын емес. Сондай-ақ бәрімізге белгілі бүгінгі күні еліміздің жоғары оқу орындарына әлемнің түпкір-түпкірінен студенттер келіп білім алуда. Сәйкесінше олар әрқилы дін, дәстүр, мәдениет өкілдері болып табылады. Сонымен қатар олардың келген мемлекетінің құқық жүйесі де әр түрлі құқықтық жүйеге жатады. Сондықтан оларға құқықтық білім бергенде студенттің келген елінің мәдени, құқықтық ерекшеліктерін де ескеру қажет деп ойлаймыз. Тіпті өзіміздің қандас студенттердің де еліміздің мәдени, қоғамдық өміріне бейімделуінде қиыншылықтар болып жатандығын күнделікті өмірден көріп жүрміз.

Біз өз тарапымыздан осы мақалада құқықтану мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттердің мәдениетаралық коммуникация құрылымын талдауға тырыстық. Оның ішінде тіл мәселесі, заңи терминдерді түсіну, құқықтық жүйеміздің ерекшеліктерімен таныстыру негізгі орын алады.

Тіпті мәдениеттер арасындағы байланыстардың ушығуы адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеу және дұрыстау жолында диалог құру мәселесі туындап отыр. Бұл мәдениеттердің әрқайсысында өздеріне тән ерекше кодтың болуымен байланысты. Осының нәтижесінде бір-бірінің шынайы табиғатын түсіне алмайтын мәдени кодтардың қайшылығы туындауда. Мәдени келбеттің өзгеруімен коммуникативті жағдайдың өзі де өзгеруде және де сол адамдар арасында байланыс құруға арналған кедергілердің көбеюіне алып келуде. Мұндай жағдайда, шын мәнінде, жаһандану парадоксы пайда болады, бір жағынан, мәдениеттердің лезде таралуы мен өзара сіңісуіне, екінші жағынан, мәдениетаралық коммуникацияның даму тосқауылына ықпал етеді.

Берілген зерттеу АР14872126 «ЖОО оқытушысының мәдениетаралық құзыреттілігі және оның Қазақстандағы жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсері» гранттық қаржыландырудың ғылыми жобасын жүзеге асыру шеңберінде дайындалған.

**Түйін сөздер:** қарым-қатынас, мәдениетаралық қарым-қатынас, құқықтық тәрбие, мәдениетаралық байланыс, құқықтық реттеу.

A.E. Zhatkanbaeva<sup>1</sup>, K.M. Kozhabek<sup>1</sup>, A.K. Jangabulova<sup>1\*</sup>,  
A.A. Tasbulatova<sup>1</sup>, K.N. Aydarkhanova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Narхоз University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: Arailym.Dzhangabulova@kaznu.edu.kz

### The importance of determining the structure of intercultural communication in legal education

It is no secret that applicants who come to study at universities, in addition to what nationality, religious denomination, citizenship of the state belong to different subcultures, cultural groups, urban and rural cultures, regional and family cultures. As we all know, today students from all over the world come to higher educational institutions of the country. At the same time, the system of law of the state of their arrival also belongs to a different legal system. Therefore, we think that when providing them with legal education, it is also necessary to take into account the cultural and legal characteristics of the country of arrival of the student.

For our part, in this article we tried to analyze the structure of intercultural communication of students studying in jurisprudence. Among them, the main place is occupied by the problem of language, understanding of legal terms, familiarization with the peculiarities of our legal system.

Even the escalation of ties between cultures is fraught with the problem of building a dialogue on the way to regulate and correct human relations. This is due to the fact that each of the cultures has its own unique code. As a result, there is a conflict of cultural codes that cannot understand the true nature of each other. With the change in cultural appearance, the communicative situation itself is also changing and leads to an increase in barriers to communication between these people. In this situation, in fact, the paradox of globalization arises, which, on the one hand, contributes to the instantaneous distribution and mutual assimilation of cultures, and on the other, to the barrier of the development of intercultural communication.

This study was prepared as part of the implementation of the grant funding research project AP14872126 "intercultural competence of a university teacher and its impact on improving the competitiveness of higher education in Kazakhstan".

**Key words:** communication, intercultural communication, legal education, intercultural relations, legal regulation.

А.Е. Жатқанбаева<sup>1</sup>, Қ.М. Қожабек<sup>1</sup>, А.К. Джангабулова<sup>1\*</sup>,  
А.А. Тасбулатова<sup>1</sup>, К.Н. Айдарханова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: Arailym.Dzhangabulova@kaznu.edu.kz

### **Важность определения структуры межкультурной коммуникации в правовом образовании**

Не секрет, что абитуриенты, поступающие на обучение в высшие учебные заведения, принадлежат к разным субкультурам, культурным группам, городской и сельской культуре, региональной и семейной культуре, помимо того, к какой национальности, религиозной конфессии, гражданству государства. Также известно, что сегодня в вузы страны приезжают студенты со всего мира. Соответственно, они всегда являются представителями религии, традиций, культуры. Кроме того, правовая система государства их пребывания также относится к различным правовым системам. Поэтому мы считаем, что при предоставлении им правового образования необходимо учитывать и культурные, правовые особенности страны пребывания студента. Мы видим, что даже наши кровные студенты испытывают трудности в интеграции в культурную, общественную жизнь страны.

Со своей стороны, в данной статье мы постарались проанализировать структуру межкультурной коммуникации студентов, обучающихся по специальности юриспруденция. В том числе основное место занимает проблема языка, понимание юридических терминов, ознакомление с особенностями нашей правовой системы.

Даже обострение межкультурных связей ставит вопрос о налаживании и налаживании диалога между людьми. Это связано с тем, что каждая из культур имеет свой уникальный код. В результате этого возникает конфликт культурных кодов, которые не могут понять истинную природу друг друга. С изменением культурного облика меняется и сама коммуникативная ситуация, что приводит к увеличению барьеров для создания связей между этими людьми. В таких условиях, по сути, возникает парадокс глобализации, способствующий, с одной стороны, мгновенному распространению и взаимоусилению культур, с другой-барьеру развития межкультурной коммуникации.

Данное исследование подготовлено в рамках реализации научного проекта грантового финансирования AP14872126 «Межкультурная компетенция вузовского преподавателя и ее влияние на повышение конкурентоспособности высшего образования в Казахстане».

**Ключевые слова:** коммуникация, межкультурная коммуникация, правовое образование, межкультурные связи, правовое регулирование.

### **Кіріспе**

Қазіргі замандағы мәдениетаралық қатынастардың даму деңгейі асқан қарқындылықпен және жан-жақты ауқыммен сипатталады. Ғылым, спорт, экономика, саясат, сондай-ақ білім сынды салалар мәдениетаралық байланыстарды нығайтуға ықпал ететін негізгі кеңістіктерге ай-

налды. Жүздеген жылдар бойы тек қана сауда немесе әскери қатынастар аясынан тұрған байланыстар, бүгінде өмірдің барлық аспектілерін қамтитын жаһандық қарым-қатынастарға айналып отыр.

Әр мәдениеттің өзіндік жеке құндылықтардың болуы белгілі бір мәдениеттің біртекті құрылымын зерттеу анағұрлым маңызды емес

екендігі даусыз. Бір мәдениетті зерттеу контекстінде мәдени сәйкестікті қалыптастыратын келесі факторларды анықтауға болады: құқық жүйесінің ерекшеліктері, белгілі бір әлеуметтік тапқа жатуы, білім деңгейі, діни конфессия, жас, жыныс және басқалары. Сондай-ақ әртүрлі субмәдениеттер, мәдени топтар, қалалық және ауылдық мәдениеттер, аймақтық және отбасылық мәдениеттер және т.б. бар. Осылайша, жеке құндылықтар ұғымы адамдардың бір ұлтқа, халыққа немесе этникалық топқа жататынына қарамастан әрқашан әр түрлі болады. Тиісінше, қазіргі жаһандық әлемде ұлттық-мәдени деңгейде жалпылау, әсіресе мәдениетаралық табиғатты зерттеу үшін мүмкін емес.

Сонымен, егер осы қарым-қатынасты жүзеге асыратын адамдар әртүрлі мәдениеттерге жататын болса, сондай-ақ олардың мәдениетіне жатпайтын ерекшелікті бөтен деп анықтаса, мәдениетаралық қарым-қатынастың болуы туралы айтуға болады. Маңыздысы, біз әртүрлі интеракцияларды мәдениетаралық деп сипаттаймыз, егер олардың өкілдері басқа мәдениеттің дәстүрлерімен, құндылықтарымен және әдет-ғұрыптарымен танысуға бағытталған болса ғана. Дәл осы мақсат мәдениетаралық коммуникация процесін жүзеге асыруда бірінші кезектегі міндет болып табылады. Мінез-құлықтың басқа нормаларын және олардың ерекшеліктерін білуге деген ұмтылыс, бұл тұрғыда басқалардың мәдени ерекшеліктері мен құндылықтарын қабылдауға шақыру екенін ескеру қажет, өйткені көптеген адамдардың мұны түсінуі табысты мәдениетаралық байланыстарды құрудың негізі болып табылады. Өйткені әрбір елдің қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу ерекшеліктері олардың мәдени, мінез-құлық, жүріс-тұрыс ерекшеліктерін де қалыптастырады деуге болады.

### Негізгі бөлім

Жоғары білім берудің рөлдерінің бірі – студенттерді қоғамның әртүрлі өміріне белсенді қатысуларына мүмкіндік беру үшін басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасауға дайындау. Сонымен қатар жаһандандудың кеңеюі студенттерден дұрыс және тиімді қарым қатынас жасауды талап етеді (Akdere 2021), өйткені «біздің қазіргі әлемдегі барлық қоғамдар мәдениетаралық коммуникацияның нәтижесі» (Deardorff 2020).

Дердофф Дарла мәдениетаралық ортада жұмыс істеуге және қарым қатынас жасауға

қабілетті университет факультетінің (халықаралық құзыретті факультет) идеясын қолдайды (Deardorff 2011). Жалпы мағынада бұл жоғары оқу орындарының оқытушылары мен қызметкерлерінің мәдениетаралық коммуникация құзыреттілігі немесе әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді қарым қатынас жасау құзыреттілігі болуы керектігін білдіреді (Ризккинен 2023: 39).

Тұрақты даму үшін білім беру жағдайында мәдениетаралық құзыреттілік білім беру бағдарламалары мен мамандықтарға қарамастан кез келген болашақ маманның міндетті құзыреті ретінде қарастырылуы керек (Nikiforova 2021).

Қоғамның даму қарқынының артуымен қатар іскерлік әлемде кәсіби дағдылармен қатар базалық деңгейдегі жалпы (ойларын анық жеткізу, мұқият тыңдау, жұмыс қатынастарын құру дағдылары) және күрделі коммуникативті қабілеттерге (жанжал жағдайлары шеңберіндегі құзыреттілік, талдау жасау және мәселелерді шешу құзыреттері) ие мамандарға қажеттілік артуда. Мұндай қызметкерді даярлау міндеті тек білім беру арқылы жүзеге асуы мүмкін. Демек, мәдениет, білім және коммуникацияның өзара байланысы тығыз және табиғи, олардың өзара әрекеттесуі, өзара тәуелділік пен өзара байланыс тетіктерін зерттеу мәдени-білім беру коммуникациясының құбылысын кеңірек салада – мәдениетаралық салада қарастыруға мүмкіндік береді (Цзин <https://cyberleninka.ru/>)

Мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде құқықтық жүйелердегі ерекшеліктер бір мәдениетте бар және екіншісінде жоқ көзқарастар мен жүріс-тұрыс ережелерінің айырмашылығын тудырады. Байланыс процесінде коммуникаторлар арасында қарым-қатынастар (құқық нормалары мен салт-дәстүрлерді түсіну, тіпті қимылдар, сөздер, мимика) шифрын ашу да қажет болады. Мұнда әр түрлі мәдениеттердің өкілдері арасындағы шифрланған хабарламаларды дұрыс түсіндіру өте маңызды болады. Белгілі бір мағыналарды бұрмалау кезінде шиеленіс пайда болады және байланыста болғандарды түсінбейді, бұл іске асырылмаған мәдениетаралық коммуникацияны білдіреді.

Мәдениетаралық диалог процесінде мұндай сәтсіздіктерді болдырмау үшін диалог құру үшін негіз болып табылатын құқықтық мәдениеттің элементтерін, комплимент, толеранттылық және эмпатия сияқты құбылыстарды қолдану қажет.

Осылардың ішінде, эмпатияны анықтауға толығырақ тоқталайық. Түсіндірме сөздікте осы сөздің келесі анықтамалары ұсынылады:

«біреудің эмоционалды күйіне ену, эмпатия; өз сезімдерін басқа адамның сезімдері мен ойларымен интеллектуалды сәйкестендіру» (Ефремова 2006: 158). Эмпатияның басты ерекшелігі-адамның қарсыласының көзқарасына оның мінез-құлық ерекшелігінен емес, екіншісінен қарау мүмкіндігі. Эмпатия мен симпатия ұғымдарындағы шатасуды ескерте отырып, біз бірден «симпатия басқа адамдардың мінез-құлқын түсіндірудің өзіндік тәсілдерін қолданады» деп белгілейміз (Грушевицкая 2003: 25).

«Басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынаста симпатияны қолдану түсініспеушілікке әкелетінін дәлелдеудің қажеті жоқ. Керісінше, мәдени айырмашылықтар мәселесін іштей түсіну үшін және өзара түсінісудің жолдары мен тәсілдерін табу үшін эмпатияны пайдалану серіктестер арасында түсіністік пайда болу ықтималдығын күрт арттырады. Ол үшін тек эмпатияның негізгі сипаттамаларын есте сақтап, ұстану керек:

- айтылғанды мұқият тыңдау;
- басқа адамдардың өзін қалай сезінетінін түсінуге тырысу;
- басқалардың айтуы керек нәрсеге қызығушылық таныту;
- басқа адамдардың мұқтаждықтарына жанашырлық таныту;
- өзгенің көзқарасын түсіну қабілетіне ие болу» (Грушевицкая 2003: 25-26).

Мәдениетаралық коммуникация коммуникаторлар арасындағы мәдени шектерді сәйкестендіруге арналған тұжырымдама болып табылады және ол тұлғалар мен қауымдастықтар арасындағы интеракция барысында жүзеге асырылады. Айырмашылықтардың барын түсіну және қабылдау қабілеті, сайып келгенде, мәдениетаралық байланыстың нәтижесіне әсер етеді. Коммуниканттарды түсіну процесі құқықтық сана, жас, жыныс, кәсіп немесе әлеуметтік мәртебе сияқты бірқатар факторлардың әсерінен жүреді. Сондықтан мәдениетаралық қарым-қатынас актісінің сәтті болуы толеранттылық деңгейіне, сондай-ақ тараптардың мәдениетаралық тәжірибесінің болуына тікелей байланысты.

Жаһандық әлем құқықтық, экономикалық және саяси қатынастарға үлкен өзгерістер әкеліп қана қоймай, қазіргі адамдардың санасына айтарлықтай әсер етті. Дәстүрлі тіршілік формаларының «жойылуы» деп аталған процесс, сәйкесінше, қазіргі қаржылық жағдайларға және «ақпараттық жүктеменің» шексіз ағынына байланысты ойлаудың жаңа тәсілдерінің «пайда

болуына» ықпал етті. Жаһандық процестер жағдайында дамыған интернеттің арқасында мәдениетаралық байланыстардың онлайн форматта күшейіп және жанданып жатқаны да таңқаларлық емес. Соған байланысты тауар айналымы болсын, мәдени құндылықтар немесе адами қатынастар болсын, барлығына қолжетімділік пайда болды. Жергілікті деңгейдегі мәдениеттер өзара шексіз байланыстарға еніп, біртұтас образдардың бірегей жаһандық моделін жасайды. Осылайша, мәдени образдардың бір де бірегейлігі және сан қырлығы жойылады. Бұл өз кезегінде құқық нормалары, дәстүр, мәдениеттер арасындағы алшақтықтарды азайтқанымен, оған қоса, өзіндік және басқа мәдениеттер арасындағы қайшылықтарды да өршіте түсуде.

Осылайша, коммуникациялық жүйелер тұрғысынан ең жаңа технологиялар саласы заманауи адам өмірінің маңызды бөлігіне айналады. Қарым-қатынас процесімен бірге адам диалогының формасы бүгінде бұқаралық коммуникация құралдарын сіңіре отырып, айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда.

Осыған байланысты мәдениетаралық коммуникацияны бір-бірімен етене араласқанымен, адамдарды бір-бірінен алшақтату проблемасынан тұратын философиялық аспектісі пайда болуда. Бұл тұжырымдама нақты адамдардың қарым-қатынасын алмастыратын онлайн-коммуникацияның жан-жақты және белсенді дамып келе жатқан құралдарының арқасында пайда болды. Адамдардың бет-әлпеті аватарларға ауысып, нақты эмоциялардың орнын эмодзи символдары басты. Адамның шығармашылық бастауында және оның айналасындағы әлемде адами қасиеттер жойылып, адамға тән емес атрибуттар пайда бола бастады. Коммуникативті байланыстар коммуникативті дағдыларға айналды және өзінің жеке адамдарды рухани байытудағы шынайы мақсатын жоғалтты. Сонымен қатар адам енді өзін өз ғаламының орталығы ретінде сезінбейді, тек қоғамға тән қарапайым, танымал, тиімді мінез-құлық үлгілерін ғана көшіреді.

Бүгінгі әлем мәдениетаралық коммуникация процестерінің қарқынды дамуымен байланысты, бұл адамдардың сыртқы үстірт ынтымақтастық процестеріне ықпал етеді, бірақ рухани деңгей, өкінішке орай, толық дамымаған күйінде қалады. Сонымен қатар жаһандану әлеміндегі жеке тұлғалар, кең таралған қарым-қатынас мүмкіндіктеріне қарамастан, бір-бірінен алшақтап кетті.

Толыққанды мәдениетаралық өзара әрекеттесуді жүзеге асыру жолындағы осы экзистенциалды мәселелерді шешудің бір әдісі – жаһандық контексттегі диалогқа негізделген коммуникативті интеракция моделін қолдану және дамыту. Мұндай модель мазмұнды идеологиялық компонентпен нақты қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ бұрын сипатталған иеліктен шығару тұжырымдамасына абсолютті түрде қарсы болып табылады.

Оның мәні неде? Біз бұл сұрақтың жауабын алу үшін 20 ғасырдың ықпалды философтарының бірі М.М. Бахтиннің коммуникативті тұжырымдамасына жүгінеміз. Ойшыл, мәдениетаралық коммуникация кез-келген коммуникация сияқты, негізінен «сөйлейтін сананың» өзара әрекеттесуі екенін атап өтті (Бахтин 1998: 361). Бұл тұрғыда тілді қандай мәдениетке жататындығына байланысты белгілі бір жолмен түсіндіруге болатын белгілер мен белгілердің жиынтығы ретінде қарастыру керек. Тілдік диалог ұғымын философ адам өміріне қажетті негізгі идея ретінде зерттейді, өйткені адам өмірінің өзі тұрақты және шексіз диалог болып табылады. Диалогты жүзеге асыру барысында ғана адамның болмысы шындық пен маңыздылыққа ие болады.

Мәдениетаралық диалогты диалогтық модель негізінде құру қазіргі қоғамның сыртқы атрибуттарына емес, адамға өзін-өзі танудың ішкі кедергілерін жеңуге көмектесетін рухани тұжырымдамаға негізделген мәдениетаралық қатынастарды дамытудың жалғыз сенімді әдісі болып көрінеді. Бұл тұрғыда жаһандану дәуіріндегі мәдениетаралық коммуникацияның планетарлық масштабта диалог құратын және қолдайтын маңызды қабілеттерге ие екендігі туралы нақты түсінік қажет. Сондықтан оның құндылық негіздері мен ерекшеліктерін түсіну мақсатында тұрақты және басқа мәдениетке шынайы қызығушылық танытуға бағытталған шынайы диалог құру аспектісі ерекше маңызды болып көрінеді.

Әрі қарай, оны құру процесінде қажетті мәдениетаралық коммуникацияның негізгі парадигмаларын қарастырамыз. Бұл зерттеудің теориялық негізі американдық антрополог Эдвард Холлдың жұмысы болады. Зерттеудің ерекшелігі ғалымның мәдениет құндылықтары талдауын микро деңгейлерге бөлуі болды. Олардың ішінде:

- проксемика, хронемика және кинесиканы қамтитын вербалды емес қарым-қатынас;
- «санадан тыс» деңгейде ақпарат алмасу;

- мәдени айырмашылықтарды тануға және мәдениеттердің теңдігі туралы мәлімдемеге негізделген мәдени релятивизм принципі (Гудков 2003: 52-53).

Бүгінгі таңда ғалымдар ұсынған мәдениетаралық коммуникация парадигмасын зерттеу аясында микродеңгейде қарастырылып отырған мәселелер қазіргі әлемде өзекті болып қала береді деп айтуға болады, бірақ соған қарамастан оларды талқылау мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, мәдени релятивизм принципімен белгіленген бүгінгі күнге дейін мәдениеттер теңдігі идеясы өз кезегінде әртүрлі мәдениеттердің даму жолының бірегейлігін жоққа шығарады. Мұнда, дәлірек айтсақ, теңдікті емес, олардың бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігін құрайтын мәдениеттер арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Алайда белгілі бір жоғары модель тұрғысынан мәдениеттерді айыптау алынып тасталуы керек. Бір мәдениеттің екіншісінен артықшылығының призмасы аясында мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру мүмкін емес болатынын ескере кеткен жөн.

Эдвард Холл парадигмаларын мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан талдауды жалғастыра отырып, басты аспект мәдени «қиылысу аймағы» екенін атап өту керек. Мұнда мәдениетаралық өзара әрекеттесу жолында тағы бір қиындық туындайды. Ғалымдардың атап өткен элементтері көбінесе жеке пікір болып табылады, сондықтан олардың, тіпті, бір мәдениетке жататын адамдарға тән болу (сәйкес келуі) мүмкіндігі өте төмен. Сондықтан мәдениетаралық коммуникация процесінде «коммуникативті кеңістіктердің» қиылысу аймағы коммуниканттар жіберетін хабарламалардың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтауға мүмкіндік беретін әмбебап «код» арқылы құрылуы керек. Мұндай кодты түсінбестен мәдениетаралық диалог құру мүмкін емес. Бұл тұрғыда әмбебап код оның барлық тараптары меңгерген мәдениетаралық қатынас тілі болып табылады. Алайда, тіпті мәдениетаралық тілді меңгеру фактісі де толыққанды қарым-қатынас құру үшін жеткіліксіз болуы мүмкін, өйткені әр түрлі мәдениет өкілдері сөйлейтін тілде фразеологиялық бірліктер мен идиомалар болады, оларды бір тілден екінші тілге аудару қиын. Демек құқықтық білім беруде студенттің келген елінің құқықтық, мәдени, тіпті рухани ерекшеліктерін ғана емес сол елдегі тұлғаны қалыптастырушы «кодтың» мәнін түсінуге тырысу қажет.

Тіл мен мәдениеттің сенімділігі мәдениеттердің ынтымақтастығы үшін де, олардың сақталуы үшін де басым факторлар болып табылады. Тіл белгілі бір этносқа жататындығын көрсететін маңызды символ бола отырып, адамдардың бірігуіне де, олардың бөлінуіне де ықпал ете алады.

Осыған орай, толыққанды байланыс орнату мақсатында коммуникация процесінде қажетті келісім дәрежесіне қол жеткізу туралы Тамотсу Шибутанидің теориясы өзекті болып табылады. «Келісім – бұл бірлескен іс-әрекетте біріккен адамдардың арасында бейбітшіліктің жалпы көрінісін орнату; бұл өзара әрекеттесудің дәйекті сериясынан тұратын үздіксіз процесс... Коммуникация ұғымы келісімді дамытатын, сақтайтын немесе бұзатын ым-ишараның өзара алмасуын білдіреді» (Шибутани 1999: 123-124).

Бұл жерде Юрген Хабермастың коммуникативті әрекеттің қиындықтарын зерттеуге қатысты ғылыми көзқарасы орынды болып көрінеді. Дискурс шеңберіндегі этиканы негіздей отырып, философ Т. Маккартидің идеясына жүгінеді және оны мынада етіп ұсынады: «мен бәріне міндетті түрде жалпыға бірдей заң жасағым келетін максиманы тағайындаудың орнына, дискурсивті тексеру үшін басқаларға максима ұсынуым керек. Бұл жағдайда әркім (жеке-жеке) қарсылық білдірмей, бір-бірімен келісе отырып, әмбебап норма ретінде мойындағысы келетін нәрсені жалпыға бірдей заң ретінде қалайтынына басымдық беріледі). Жалпылау принципінің нақты тұжырымы белгілі бір пікірталасты бірлесіп жүргізуді білдіреді» (Хабермас 2001: 106-107).

Мәдениетаралық қарым-қатынас процесі күрделі механизм болып табылады, бірақ оны сәтті жүзеге асыру әртүрлі мәдениеттердің толыққанды өзара әрекеттесуі мүмкін біртұтас құндылық жүйесі мен мәдени кеңістікті қалыптастыру үшін жалпы адами белсенділіктің дамуына ықпал етеді. Бұл тұрғыда мәдениеттер арасындағы коммуникацияны жүзеге асыру үшін қажетті реляциялық және жалпы тәсілдерді зерттеу қызықты болып табылады.

Дегенмен, бұл зерттеушілер бір-бірінің мәдениеттері туралы шынайы түсінікке қол жеткізудің негізгі әдісі ретінде қарастыратын жалпы тәсіл. Жалпы тәсіл толыққанды мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асырудың негізін құрайтын алты элементті қамтиды. Бұл құқықтық білім беруде ескерілуі тиіс. Олар:

- Мәдениеттің негізгі сипаттамаларын анықтау;
- Қоғамға әсер ететін коммуникацияның тиімділігін анықтау;
- Мәдени парадигмаларды құру;
- Коммуникация табиғатын зерттеу;
- Қоғамдық мәдениет институттарын талдау;
- Қарым-қатынасты мәдениетті түсінудің негізгі атрибуты ретінде зерттеу (Kent 2007: 11).

Мәдениеттің негізгі сипаттамаларын анықтау келесі сұрақтарға жауап береді: «қоғам үшін қандай құндылықтар мен мінез-құлық нормалары алдын-ала анықталған?», сондай-ақ «қоғам қандай да бір қарым-қатынастың нәтижесінде не күтеді?». Толыққанды мәдениетаралық қарым-қатынас қоғамның өз мәдениетінен тыс шығатын әртүрлі мәдени байланыстар туралы хабарларлық деңгейіне көбірек байланысты. Мұндай жағдайларда мәдениеттердің реакциясы мүлдем басқаша болуы мүмкін, өйткені қоғамның әрекет ету құқығына сенім принципінен туындайтын белсенді реакциямен немесе, керісінше, инертті және қатыссыз болуы, өйткені қоғам өзін дәрменсіз деп санайды. Мұндай жағдайларда қоғамның құндылықтары мен нормалары мәдени сипаттамаларды анықтау үшін шешуші болады.

Қоғамға ықпал ететін коммуникация әсерлерін сәйкестендіру интеракция нәтижелерін білуге және қабылдауға бағытталған. Біз бірнеше рет айтқан жаһандану процесі этноцентризм құбылысының күшеюін тудырады, бұл мәдениеттің өзін-өзі қорғаудың бір түрі ретінде жаһандық сипаттағы кең таралған өзгерістерді көрсетеді. Этноцентризм өз этносы мен мәдениетінің басқалардан артықшылығы идеясында көрінеді. Теріс мәдени динамикалардың дамуын болдырмау үшін мәдениеттерді оның біртұтастығы тұрғысынан айыптау қазіргі қоғамда орынды емес екенін, сондай-ақ басқа мәдениеттердің бірегейлігі оларды өз мәдениетінен жақсы да, жаман да етпейтінін студенттер де, оқытушылар да терең түсінуі қажет. Университет басшылығы, оқытушылар бөтен мәдениеттерге қатысты қоғамда орын алып жатқан оқиғаларға үздіксіз мониторинг жүргізу қажет. Сондықтан толыққанды мәдениетаралық қарым-қатынас, ең алдымен, мәдени білімге және жауаптылық пен эмпатия қабілетіне негізделген.

Коммуникацияның табиғатын зерттеуге белгілі бір мәдениетте бар қоғамның бейнесін ашу және бұл бейненің басқа мәдениеттерге қалай танылатындығын анықтау кіреді. Мұндағы маңыздысы моральдың қарапайым тұжырымда-

маларын жасайтын және анықтайтын мәдениеттердің архетиптері болып табылады, мысалы, жақсылық пен жамандық, адалдық пен сатқындық және т.б. Архетиптерге сүйене отырып, әр мәдениет өз құндылықтарын жасайды. Бұл жағдайда коммуникациялық жетістікке жету басқа мәдениеттердің құндылықтар жүйесін ұғыну және түсіну қабілетіне тікелей байланысты болады.

Қоғамдық мәдениет институттарын талдау мемлекет, дін, ғылым, спорт және т.б. сияқты әлеуметтік тұжырымдамалардың белгілі бір мәдениет үшін маңыздылығын қабылдаудан тұрады. Олардың басқа мәдениеттердегі маңыздылық деңгейін түсіну табысты мәдениетаралық коммуникацияның негізі болып табылады.

Мәдениетаралық интеракцияны жүзеге асырудағы жалпы тәсілдің соңғы элементі – толыққанды мәдени өзара әрекеттесуге қол жеткізудің маңызды құралы ретінде коммуникация құбылысының өзін зерттеу. Жалпы тілді білу және оны диалог процесінде қолдану коммуникацияның тиімділігі мен жемісі деп түсіну түбегейлі қате пікір. Сондықтан коммуникативті теориялар туралы білім қажет, әсіресе әртүрлі мәдениеттер мен құндылықтардың өкілдері кездесетін мәдениетаралық коммуникацияны құру үшін.

Мәдениетаралық коммуникациядағы кедергілерді жеңу үшін басқа мәдениет өкілдері жасаған актілерді дұрыс талдау маңызды. Коммуниканттардың өзара тілдесуі кезінде мінез-құлық ерекшеліктерін дұрыс жеткізе алуы мәдениеттер арасында орын алған екі ойлы пікір мен түсініспеушілікті жоюдың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан, XX ғасырдың ортасында американдық әлеуметтанушы Толкотт Парсонс адамдар арасындағы қарым-қатынас, ең алдымен, өздерінің дүниетанымына байланысты және тәуелді деген идеяны негіздеді.

Осы зерттеу принципіне сүйене отырып, Т. Парсонс бес айнымалыны анықтап, оларды жалпыға ортақ, яғни әмбебап деп белгіледі:

- аффективтілік-инструментализм;
- аскрипция-жеңу;
- партикуляризм-әмбебаптық;
- диффузия-ерекшелік (Parsons 1951: 467).

Оларды толығырақ қарастырайық.

Аффективтілік екі негізгі бағытты қамтиды. Біріншісі, аффективтіліктің өзі, мысалы, махаббат, қамқорлық және тәрбие мотивтері. Екіншісі – инструментализм, атап айтқанда өзімшілдік, ситуациялық, уақытшалық. Осылайша, белсенді коммуниканттар аффективтілік тұрғысынан,

яғни эмоционалды байланыстар тұрғысынан немесе инструментализм тұрғысынан сенсорлық компонентке жүгінбестен өзара әрекеттесу процесінде болады.

Аскрипция коммуникация процесінде негізгі болып табылатын коммуниканттың сыртқы атрибуттарын түсінуді қамтиды. Мұндағы сыртқы атрибуттар дегеніміз белгілі бір пайда мен одан әрі пайда алуды көздетін әлеуметтік мәртебе мен иерархиялық маңыздылық сияқты шарттарды білдіреді. Аскрипция, бұл тұрғыда, әрине, коммуникациялық қызметте аулақ болу керек элемент ретінде қарастырылады, өйткені актерлердің бір-бірінің іс-әрекеттері мен сөздерінің негіздерін шынайы түсінуге емес, тек иллюзиялық пайдаға бағытталуы коммуникацияның антагонистік негізі болып табылады. Басқаша айтқанда, аскрипция жеке тұлғаның коммуникация процесінде рухани компоненттерге емес, материализмге бет бұруын мәлімдейді. Біздің ойымызша, берілген айнымалының екі бағыты бар, олардың біреуі екіншісіне қарама-қарсы, жоғарыда қарастырылған аффективтілік айнымалысы сияқты, инструментализм қарсы тұрады. Мұнда аскрипция оны жеңуге қарсы тұрады, бұл байланыс процесі сыртқы атрибуттармен емес, коммуниканттың дүниетанымын түсінуге деген шынайы ниетпен жасалуы керек дегенді білдіреді.

Партикуляризм, өз кезегінде, әмбебаптыққа қарсы әрекет болып табылады. Өйткені әмбебаптық тұрғысынан адамдар белгіленген нұсқауларға сәйкес анықталады. Коммуникация процесіндегі Партикуляризм адами бағдарлардың бірегейлігі туралы идеяны растайды. Айта кету керек, екі айнымалы да бір мәдени қауымдастықта қатар өмір сүре алады. Алайда, мәдениетаралық коммуникацияның нәтижесі бойынша ең тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін акторды партикуляризм тұрғысынан қарау дұрыс.

Ерекшелікке қарама-қарсы диффузия коммуниканттың мәдени артықшылықтарын түсіну үшін қажет. Бұл айнымалы ең маңыздылардың бірі болып табылады, өйткені ол мәдениеттердің құндылық принциптеріне негізделген мәдениетаралық коммуникация моделін құруға мүмкіндік береді. Мәселен, жеке тұлғалық типтегі мәдениеттерге ерекшелік тән екенін, ал ұжымдық типтегі мәдениеттер диффузиямен сипатталатынын түсіну арқылы коммуникативті модель құру процесін жеңілдетуге болады. Бұл студенттік топтармен және жеке студенттермен жұмыс істеу барысында басшылыққа алынуы тиіс.

Мәдениетаралық қарым-қатынас принципі мәдениеттер диалогы идеясын көрсетеді, оны тек ауызша немесе визуалды деңгейде ғана емес, сонымен қатар басқа мәдениеттердің өкілдерімен тікелей байланыс процесінде де жүзеге асыруға болады. Алайда, қазіргі заманда мәдениетаралық коммуникацияның көптеген процестері электрондық арналар арқылы жүзеге асырылады.

Байланыс саласының технологиясы вербалды және вербалды емес хабарламалардың жаңа конфигурациялары мен түрлерін белгілейді. Халықаралық байланыстардың дамуы қазір ғаламтордың көмегімен көбірек қалыптасуда. Жаһандану жағдайында ақпараттық қауіпсіздік мәселелері артта қалды, өйткені өзге мәдениетпен өзара әрекеттесу тұрғысында қалайда байланыс орнату маңызды болып табылады. Сондықтан, интернеттің қарқынды әрекеті мәдениетаралық коммуникация үшін басымдыққа айналды. Демек, мәдениеттер арасындағы интеракцияда стратегияның жаңа ерекшелігі пайда болады, ол заманауи адамның бөтен мәдениетке ену, басқа мәдениеттердің құндылық және дүниетанымдық парадигмаларына онлайн форматта бейімделу қабілеті мен біліктілігінен тұрады. Мұндай жағдайларда мәдениетаралық коммуникацияны зерттеу ақпараттық-коммуникативтік қоғамның маңызды және қажетті компонентіне айналады.

Осылайша, Интернет бүгінгі күні мәдениетаралық коммуникацияны және оны жүзеге асыруға байланысты құзыреттерді қалыптастыру және дамыту үшін феноменальды ресурстарға ие. Интернетте қамтылған барлық қажетті ақпараттың үлкен ағыны қазіргі заманғы адамды өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруда да, планетарлық масштабта кәсіби және жеке мәдениетаралық коммуникация орнатуда да шектемейді. Мәдениетаралық диалогты ілгерілету Интернеттің әртүрлі мәдениеттермен өзара әрекеттесу дағдыларына тікелей байланысты. Айта өтерлік маңызды жәйт, мұндай жағдайлар қашықтықтан құқықтық білім беруге кең мүмкіндіктер береді.

Мәдениетаралық коммуникацияны цифрлық түрде жүзеге асырудың киберкеңістігі адамнан теориялық сипаттағы білімдерден басқа, ақпараттық коммуникативтік кеңістікті практикалық игеруді талап етеді. Интернет мүлдем басқа мәдениеттердің коммуниканттары үшін жалпы әрекет пен сана өрісін құрды, бұл жаһандық деңгейдегі заманауи мәдениетаралық коммуникацияның символына айналды. Ақпараттық-ком-

муникациялық технологиялардың қазіргі адамға маңыздылығы мен әсерін жоққа шығаруға болмайды, бұл өз кезегінде оны жеке тұлға ретінде өзін-өзі сақтау мақсатында коммуникациялық құралдардың мәнін түсінуді, сондай-ақ басқа мәдени құндылық-семантикалық заңдылықтар мен толыққанды мәдениетаралық диалогты құру мен ілгерілету мүмкіндіктерін органикалық түрде енгізуді талап етеді.

«Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мәдениетаралық коммуникацияға мүмкіндік беріп қана қоймай, оның тиісті нысандарында берік негізін қалыптастыруға септігін тигізеді. Инновациялық коммуникация құралдарын қолдану және үнемі дамыту және кеңейту жағдайындағы мәдениетаралық коммуникация толыққанды құбылысқа, жаңа мыңжылдықтың басты құбылыстарының біріне айналуға» (Досхожина 2015: 99).

### Қорытынды

Қазіргі жаһандық процестер барысында мәдениетаралық коммуникация дағдылары мен біліктіліктерін дамыту қажет, бұл қазіргі заманда жеке тұлғаға әртүрлі мәдени әлемдер мен саналардың принциптерін табуға және оларды бір-бірінен ажыратпай, керісінше біріктіруге ықпал етеді. Мұндай дағдылар мәдениеттердің әрқайсысының бірегейлігін ескере отырып, біртұтастық тенденциясынсыз жаһандық мәдени кеңістікті құруға көмектеседі.

Жоғарыда келтірілген теориялар мен дәлелдерді талдай отырып, Мәдениетаралық коммуникацияның құрылымын құрайтын келесі теориялық ережелерге келуге болады:

1) мәдениетаралық өзара іс-қимылдың оң нәтижесі эмпатия мен толеранттылық қағидаттарын қолдану негізінде жүзеге асырылатын коммуниканттар алған хабарламаларды дұрыс дешифрлеген жағдайда ғана мүмкін болады;

2) толыққанды мәдениетаралық коммуникация интеракция процесін жүзеге асыратын коммуниканттардың экзистенциалдық сипаты туралы іргелі білімге негізделуге тиіс;

3) И. Канттың моральдық абсолют тұжырымдамасы, Ю.Хабермастың трансформация идеясымен қатар, мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде жеке адамдар арасындағы диалогты құрудың философиялық негізі бола алады;

4) мәдени үлгілерді түсіну басқа мәдениеттер өкілдерінің іс-әрекеттері мен қимылдарын түсінуге ықпал етеді. Бұл аспектіде мәдениетара-



лық коммуникацияны жүзеге асырудың жалпы тәсілі жаһандық әлемде өзекті болып табылады;

5) Т. Парсонстың теорияларын дұрыс түсіндіру және қолдану, коммуникациялық процестерге қатысушыларды мәдениетаралық қарым-қатынастың негізгі кедергілері ретінде әртүрлі стереотиптік проблемалық көзқарастардан ескертуге қабілетті;

6) жаһандық процестер жағдайында мәдениетаралық коммуникация тұжырымдамасын дұрыс түсіндіру мәдени бірегейлікті және басқа мәдениеттерге өздеріне қауіп төндіретін объектив арқылы қарамай, оларға барабар жауап беру қабілетін сақтау үшін қажет болып табылады. Басқа мәдениеттерді түсінудің осы деңгейінде адамның дүниетанымын орнату қолайлы мәде-

ниетаралық процесті дамыту үшін басымдық болып табылады.

Мәдениетаралық коммуникация – қазіргі әлемге тән құбылыс және өзара қарым-қатынас процесінде мәдениеттердің теңдігі идеясына сүйенеді. Мәдениетаралық коммуникацияның басты бағыты – ортақ, бірлескен мәдени кеңістікті құру, онда коммуниканттар арасындағы диалог әңгімелесушілердің білімінің арқасында қиындықтар мен кедергілерге ұшырамайды және манипуляциялық құралдарды қолданбай адамгершілік негізде жүзеге асырылады. Сондықтан құқықтық білім беруде мәдениетаралық байланыстардың құрылымының мәнін білу құқықтық білім берудің сапасын анағұрлым арттыра түседі.

### Әдебиеттер

Akdere M, Acheson K, Jiang Y. An examination of the effectiveness of virtual reality technology for intercultural competence development. *International Journal of Intercultural Relations*. 2021; 82:109–120. doi: 10.1016/j.ijintrel.2021.03.009 [CrossRef] [Google Scholar].

Deardorff D. *Manual for developing intercultural competencies*. Story Circles. London: Routledge and Unesco Publishing; 2020 [Google Scholar].

Deardorff, D. (2011) Exploring a Framework for Interculturally Competent Teaching in Diverse Classrooms. *Internationalization of European Higher Education Handbook*. Berlin: Raabe Academic Publishers

Ризкин М. Правовые категории, используемые при разрешении межкультурных вопросов в образовательном процессе (анализ ответов Министерства просвещения Республики Казахстан на обращения граждан) // *Вестник КазНУ. Серия юридическая*. – №1 (105). 2023. – С. 42-47.

Marina Nikiforova, and Irina Skvortsova. Intercultural competence and intercultural communication in the context of education for sustainable development // *E3S Web of Conferences* 296, 08026 (2021), 1st International Conference on Environmental Sustainability Management and Green Technologies (ESMGT 2021) / <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202129608026> / [https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/pdf/2021/72/e3sconf\\_esmgt2021\\_08026.pdf](https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/pdf/2021/72/e3sconf_esmgt2021_08026.pdf)

Чжан Цзин. Основные характеристики межкультурной коммуникации в системе высшего образования // <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-harakteristiki-mezhkulturnoy-kommunikatsii-v-sisteme-vysshego-obrazovaniya/viewer>

Бахтин М. М. *Тетралогия*. – М.: Лабиринт, 1998. – 607 с.

Гудков Д. Б. *Теория и практика межкультурной коммуникации*. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. – 288 с.

Грушевицкая Т. Г., Попков В. Д., Садохин А. П. *Основы межкультурной коммуникации: учебник для вузов / под ред. А. П. Садохина*. – М.: Юнити-Дана, 2003. – 352 с.

Досхожина Ж.М. *Культурологический анализ межкультурной коммуникации в условиях глобализации: дисс...док. философии (PhD): 6D020400/КазНУ им. аль-Фараби*. – Алматы, 2015-125 с. Инв. № 0616РК00007

Ефремова Т. Ф. *Современный толковый словарь русского языка*. – М.: Астрель, 2006. – 973 с.

Kent M. L., Taylor M. Beyond “excellence” in international public relations research: An examination of generic theory in Bosnian public relations. *Public Relations Review*. – Wakefield, 2007. – №33 (3). – P. 10-20

Parsons T. *Toward a general theory of action*. – Cambridge: Harvard University Press, 1951. – 560 p.

Хабермас Ю. *Этика дискурса: замечания к программе обоснования* // В кн.: *Моральное сознание и коммуникативное действие*. – СПб.: Наука, 2001. – 380 с.

Шибутани Т. *Социальная психология / пер. с англ. В. Б. Ольшанского*. – Ростов н/Д.: изд-во «Феникс», 1999 – 544 с.

### References

Akdere M, Acheson K, Jiang Y. An examination of the effectiveness of virtual reality technology for intercultural competence development. *International Journal of Intercultural Relations*. 2021; 82:109–120. doi: 10.1016/j.ijintrel.2021.03.009 [CrossRef] [Google Scholar].

Deardorff D. *Manual for developing intercultural competencies*. Story Circles. London: Routledge and Unesco Publishing; 2020 [Google Scholar].

Deardorff, D. (2011) Exploring a Framework for Interculturally Competent Teaching in Diverse Classrooms. *Internationalization of European Higher Education Handbook*. Berlin: Raabe Academic Publishers

Riekkinen M. Pravovye kategorii, ispol'zuemye pri razreshenii mezhkul'turnyh voprosov v obrazovatel'nom processe (analiz otvetov Ministerstva prosveshcheniya Respubliki Kazahstan na obrashcheniya grazhdan) [The right categories that are popular when considering intercultural issues in the educational process (analysis of the responses of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan to the appeals of citizens)] // Vestnik KazNU. Seriya yuridicheskaya. – №1 (105). 2023. – S. 42-47.

Marina Nikiforova, and Irina Skvortsova. Intercultural competence and intercultural communication in the context of education for sustainable development // E3S Web of Conferences 296, 08026 (2021), 1st International Conference on Environmental Sustainability Management and Green Technologies (ESMGT 2021) / <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202129608026> / [https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/pdf/2021/72/e3sconf\\_esmgt2021\\_08026.pdf](https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/pdf/2021/72/e3sconf_esmgt2021_08026.pdf)

CHzhan Cz. Osnovnye harakteristiki mezhkul'turnoj kommunikacii v sisteme vysshego obrazovaniya [The main characteristics of intercultural communication in the higher education system] // <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-harakteristiki-mezhkulturnoy-kommunikatsii-v-sisteme-vysshego-obrazovaniya/viewer>

Bahtin M. M. Tetralogiya [Tetralogy]. – M.: Labirint, 1998. – 607 s.

Gudkov D. B. Teoriya i praktika mezhkul'turnoj kommunikacii [Theory and practice of intercultural communication]. – M.: ITDGK «Gnozis», 2003. – 288 s.

Grushevickaya T. G., Popkov V. D., Sadohin A. P. Osnovy mezhkul'turnoj kommunikacii: uchebnik dlya vuzov [Fundamentals of intercultural communication: textbook for universities] / pod red. A. P. Sadohina. – M.: YUniti-Dana, 2003. – 352 s.

Doskhozina ZH.M. Kul'turologicheskij analiz mezhkul'turnoj kommunikacii v usloviyah globalizacii: diss...dok. filosofii (PhD) [Cultural analysis of intercultural communication in the context of globalization] : 6D020400/KazNU im. al'-Farabi. – Almaty, 2015-125 s. Inv. № 0616RK00007

Efremova T. F. Sovremennyj tolkovyj slovar' russkogo yazyka [Modern explanatory dictionary of the Russian language]. – M.: Astrel', 2006. – 973 s.

Kent M. L., Taylor M. Beyond “excellence” in international public relations research: An examination of generic theory in Bosnian public relations. Public Relations Review. – Wakefield, 2007. – №33 (3). – P. 10-20

Parsons T. Toward a general theory of action. – Cambridge: Harvard University Press, 1951. – 560 p.

Habermas YU. Etika diskursa: zamechaniya k programme obosnovaniya [Ethics of Discourse: remarks on the justification program] // V kn.: Moral'noe soznanie i kommunikativnoe dejstvie. – SPb.: Nauka, 2001. – 380 s.

SHibutani T. Social'naya psihologiya [Social psychology] / per. s angl. V. B. Ol'shanskogo. – Rostov n/D.: izd-vo «Feniks», 1999 – 544 s.